ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 25 ақпаны № 7119-25-00-2/1220 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Жанәділова, азаматтық ісін оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Жәрдем" әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУПАКЕР:
«Назира» Айнакулова Назира Нуржакиповна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Жәрдем" әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Назира» Айнакулова Назира Нуржакиповна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алу жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы, қанағаттандырылсын.

«Назира» Айнакулова Назира Нуржакиповна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Назира» Айнакулова Назира Нуржакиповна жеке кәсіпкерінен мемлекеттік пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар

өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Көкшетау қалалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья Жанәділова Р.Б.

Документ подписан: Жанадилова Р. Б., 25.02.2025

Дата вступления в законную силу: 04.04.2025, судья Смаилов А. Д., 07.04.2025

7119-25-3-1/772